

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МҚҚК

№14 «Құлагер» ересек тобы 1-мамыр «Бірлік күні»



**Тәрбиеші: Аябергенова А.Т
Оразова М.Н**

2024 – 2025 оку жылы

Тақырыбы: 1-мамыр «Бірлік күні»

Мәссағаты: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу.
Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауга, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін көнеді. Мерекелік көніл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажыратада білуге үйрету.

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем мезгілі.
- Дұрыс айтасындар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші.
- 8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз, наурыз мерекесі.

Жарайсындар, сендер жақсы біледі екенсіндер, естерінде жақсы сақтап қалыпсындар. Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі.

Іздену үйымдастыруышы:

- Балалар біздің ұлттымыз қандай?
- Қазак
- Біз қай тілде сөйлесеміз?
- Қазак тіліндегі.

Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қыргыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады.

Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру.

Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмасада, Қазактардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен ұлғілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір суруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді.

Ән: «Әр қашан күн сөнбесін»

Дидактикалық ойын: «Қай ұлттың бас киімі?»

Ойын шарты: Көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу.

Ойын: «Оюды құрастыру»

Балалардан бүтінгі етілген тақырып бойынша сұрап – жауап арқылы қорытынды жасау.

Жарайсындар балалар, бүтінгі оку іс - әрекетіне жақсы қатыстындар. Бір – бірінде деген достықтарын мәнгі болсын, ата – аналарың аман болсын. Ал мен сендерге ертең 1 мамыр мерекесіне барғанда қолдарыңа ұстап баратын жалауша мен гүл берейін. Ертеңгі мерекеде әдемі болып жүріндер. Біздің достығымызды білдіретін «Достықпен» әнін айтайық.

Күтілетін иәтиже:

Білуі; Балалар 1 мамыр мерекесі Қазақстан Халықтар бірлігі күні екенін біледі.

Менгеруі: Өз Отанын сүюді, қорғауды, өзге ұлт өкілдерін құрметтеуді үйренеді

Игеруі: Әр ұлттардың киім ерекшеліктерін біледі.



